

Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 14 наурыз N 2095. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.10.20. N 2565 Жарлығымен. ~U952565

Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Президент Аппаратының таратылатын Азаматтық және кешірім

жасау бөлімінің негізінде Азаматтық бөлімі және Кешірім жасау бөлімі құрылсын.

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысы штат кестесіне тиісті өзгерістер енгізісін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 мамырдағы N 1706 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- қаулының қосымшасы "Кешірім жасау бөлімі", "Азаматтық бөлімі" сөздерімен толықтырылсын, одан "Азаматтық және кешірім жасау бөлімі" сөздері алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті